

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
шығыстану факультетінің
арабтану және ирантану кафедрасын
аға оқытушысы Қасабекова Е.Қ

Резюме

Статья написана на тему «Современные методы преподавания иностранного языка в частности преподавания персидского языка»

The article was written about modern methods of teaching foreign language and teaching in particular of persian language .

Түйін сөздер

Заманауи, әдіс, мәселе, интернет, мақсат, міндет, технология, салыстыру, фильм, презентация, нәтиже

Шет тілін оқытудың заманауи әдістері мен парсы тілін оқытуда қолданылатын әдістер

Мақала шет тілін оқытуда жеке жүргізген тәжірбие мен дәріс беруде қолданылған материалдар мен әдістер төңірегінде және бұл әдіс-тәсілдерді қолданудағы ерекшеліктер мен артықшылықтар тұрғысында жазылды. Бұл мақаланы жазудағы негізгі міндеттердің бірі әріптестерімізбен және студенттермен тәжірбие бөлісу немесе қолданып жүрген әдістерді ортаға салу болып табылады. Қазіргі таңда шет тілін үйрену міндетті құбылыстардың бірі болып тұр, Себебі заман көз ілеспес жылдамдықпен алға қарқындап дамып барады. [1,3] Сондықтан да осы заман талабына сай білім соның ішінде тіл үйрену және сол тілде жетік сөйлеу, қажетті білім алу оны жүзеге асыру жастардың еншісіндегі нәрсе екені мәлім.

2009 жылы ҚазҰУ не келген уақыттан бері менің жүктемеде «Шет тілін оқытудың заманауи әдістері» атты пән бірге келеді, бастапқыда бұл пәннің жалпы теориясын оқимын ба жоқ әлде өз оқытатын тілімізге орай бағыттап, байланыстырып оқытамыз ба деген сұрақтар мазалады. Шет тілін оқытудың әдістемесі туралы біраз кітаптарды ақтарып шықтым, бірақ құрғақ теория жеткіліксіз екенін ескере отырып, теорияның жанына парсы тілін салыстырмалы түрде қолданып отырамын, мысалы: «Шет тілін оқытудағы поэзияның рөлі» деген тақырыпқа «парсы поэзиясының рөлі», «Шет тілін оқытудағы мақал-мәтелдердің рөлі» десек, жанама тақырып «Парсы мақал-мәтелдерінің рөлі» сияқты болып тізбектеліп кете береді. Енді тіл оқытудағы негізгі әдістерге тоқтайтын болсақ, төмендегі жоспармен жұмыс істеу оң нәтиже беретіні сөзсіз, біріншіден алдыға қойған мақсат-міндеттерге жету үшін төмендегідей жоспар құрып осы жоспар төңірегінде жұмыс жасадым:

1. Шет тілін оқытудың әдістемесі пәнінің жоспары мен міндеттері төмендегі жоспарда ашық, айқын жазылды:

1. Шет тілін оқытудың мақсаттары, міндеттер айқындау, түсіндіру

2. Шет оқытудың маңыздылығына көңіл бөлу, студенттерге түсіндіру
3. Шет тілін оқытудағы қиындықтар мен мәселелерді айқындау, жоюға тырысу

4. Шет тілін оқытудағы мәдениеттің маңыздылығы мен қажеттілігі

5. Шет тілін оқытудағы қарым-қатынас жасаудың рөлі

2. Шет тілін оқытудағы басқа пәндердің маңыздылығы

1. Психологияның шет тілін оқытудағы маңыздылығы

2. Педагогиканың шет тілін оқытудағы маңыздылығы

3. Әдебиеттің шет тілін оқытудағы маңыздылығы

4. Мәдениеттің шет тілін оқытудағы маңыздылығы

5. Тарихтың шет тілін оқытудағы маңыздылығы

6. Жағрапияның шет тілін оқытудағы маңыздылығы

3. Шет тілінің оқытылуындағы қабілеттің маңызы

1. Оқытушы мен студенттің ара байланысы, қарым-қатынас орнатудың маңыздылығы

2. Студент қабілетін айқындау және арттыруға ықпал ету

3. Студенттің дербес, өзіндік жұмысының маңызы, мен берері

4. Бағалау және салыстырмалы бағалау, әділдік

4. Студент психологиясы

1. Психологиялық мінез –құлықты қалыптасудағы оқытушының рөлі

2. Ойындар жүргізу арқылы студенттердің мінез-құлқын анықтау

3. Әңгіме -дүкен құру арқылы олармен жақын және сенімді байланыс жасау

4. Информацияны жеткізу, алу, түсіндіру және ораторлық өнердің рөлі

5. Ортақ ойды, мақсатты анықтау, оған жету жолдарын іздестіру

Міне осы жоспардағы бөлімдерді айқын түсініп, оны орындаған уақытта студент те, оқытушы да жетістіктерге қол жеткізе алады.

Шет тілін оқытудың заманауи әдістері жайында 2013 жылы Индия, Лакнау университетінде болған семинарда студентім Қабдығалымова Әйгерім екеуіміз сертификатқа ие болдық, және Ирандық оқытушылар тарапынан жақсы сөздер естідік, мақала парсы тілінде жазылды.


Шет тілді оқытудағы басты міндет ол студентті сол тілде сөйлетіп шығу, яғни оған базалық білім беру болып табылады. Бұл орайда біздің дәрістеріміз сол тілде амандасып, сол тілде сұхбаттасудан басталады, Орыстар айтпақшы, «результат на лицо» нәтиже өте жақсы, оған мысал ретінде 2010 жылы түскен қазіргі 4 курс студенттерін айта аламын, топтағы 5 студент те парсы тілін 3,5 жыл ішінде жетік меңгеріп, олардың 4 Иранда тіл-ұстарту курсынан өтіп келді, және студенттердің айтуынша «тілдік барьер» жоқ және Иранда олардың сөйлеу үлгісін ең жоғары деп бағалағанын айтады. Тіл оқуда сөйлесу басты практикалық әдістің бірі болып саналады, және дұрыс сөйлей алмау қорқынышын жеңуге көмектеседі.[2 .wikipedia.org]

Студенттерімен жиі қолданатын екінші тәсіліміз сөз жаттау немесе аударма жасау болып табылады, бұл да өз оңды нәтижелерін беріп жатыр, шет тіліндеггі, парсы тіліндегі материалдарды ақылы түрде аударуға шамалары жетіп, бірнеше рет осындай бірқатар аудармалар жасады.

Үшінші қолданыстағы нәрсе немесе әдіс-тәсіл парсы тілінде аудио-видео материалдар тыңдау, көру оған өлең тыңдау, фильм көру, видео материалдар тамашалау болып табылады, оған мысал ретінде қазіргі таңда жастардың тыңдап жүрген өлеңдерін аудару, яғни иран музыканттары ішінен Арашты алуға әбден болады. Студенттер қазіргі таңда ол өлеңдерді еркін аударып, түсіне алады.

Төртінші әдіс парсы тілінде ертегілер оқу соның нәтижесінде ертегі аудару, құрастыру оны презентация ретінде орындау болып табылады. Оны төмендегі мысалдан көре аласыздар:

Мусина Гүлмираның «Қарындаш» атты орыс ертегісін парсы тіліне аударудағы презентация жасау әдісін пайдалану



بچه به مادر بزرگ كه نامه

می نویسد نگاه می کند و از او می پرسد

Аудармасы кішкентай бала хат жазып жатқан анасынан «не істеп жатырсың» - деп сұрайды.

Ертегі бір жағынан баланың іздену қабілетін жақсартып қоймай, аударма жасау, немесе оның ой - өресін арттыруға көп үлесін тигізеді.

Бесінші грамматиканы аз беру, яғни жеңіл жолмен түсіндіру, мысал, ертегі, анекдот арқылы беру оны жеңіл қабылдап, үйренуге көмектеседі.

Жалпы мақаланы қорытынды келе, шет тілін оқытуда оқытушы алдыға қойылған мақсат-міндеттерді студентке жеткізіп, түсіндіріп, екі жақты ымыра келіп, ортақ мүдде үшін жұмыс жасаса, екі жақты жетістіктерге жетеді деп үміттенеміз. Тіл білген адам, тілді жетік меңгерген адам далада қалмайды және еліміздің жарқын болашағына елеулі үлес қосатынына сеніміз мол, және білім салаласында жақсы ремормалар жасалып жатса, жастар үшін, болашақ үшін үлкен септігін тигізері хақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Парсы тілінің ізашары Рүстемов. Л.З
2. Интернет материалы Википедия «Коммуникативный подход в преподавании иностранных языков»